




Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым  
Министрлігі

Дүние жүзілік сауда ұйымы



*Орындаған: 6М011600 география  
2курс магистранты Құмарбекұлы Санат*

# ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫ (ДСҰ)



**Орналасқан орны:** Женева қ, Швейцария

**Құрылған күні:** 1 қаңтар 1995 жыл

**Құрылды:** Уругвай раунды келіссөздерінің нәтижелері бойынша (1986-1994)

**ДСҰ мүшелері:** 153 ел.

**Бюджеті:** 2008 жылға 185 млн. швейцар франкі.

**Хатшылық:** 625 адам

**Басшысы:** Паскаль Лами Бас директор.

Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) — халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым, ол 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады. Алғашқы кезеңде ДСҰ-ға 77 мемлекет кірсе, 2005 жылғы 11 желтоқсандағы соңғы мәлімет бойынша оған 149 ел мүше болды.



ORGANIZATION  
WORLD TRADE

Бұрынғы кеңестік елдерден оның қатарында Литва, Латвия, Эстония, Грузия, Армения, Молдова, Қырғызстан, Украина (соңғысы 2008 жыл 5 ақпанында қабылданды) бар. ДСҰ-ға кіретін елдердің үлесі әлемдік тауар айналымның 95% құрайды, яғни Ресейді қоспағанда бүкіл дүниежүзілік нарықты қамтып отыр деуге болады. Және Қазақстанды қосқанда 30-ға жуық ел осы ұйымға кіру ниеттерін білдірді, олар бүгінгі таңда бақылаушы мәртебесіне ие.





## ДСҰ міндеттері

ДСҰ басты міндеті — іркіліссіз халықаралық сауда-саттықа мүмкіндіктер жасау. Дамыған елдердің бастамасымен құрылған аталған ұйым халықаралық саудада экономикалық өсім мен адамдардың тұрмыс тіршілігін көтеруге ықпал етеді деп есептеледі. Бүгінгі таңда әлемдік сауда жүйесі негізгі бес ұстанымға сәйкес келуі тиіс:

— Саудада еш кемсітушіліктің болмау шарты, яғни бірде-бір мемлекет қайсыбір мемлекетке экспорт пен импортқа шектеушілік қоюға құқығы болмайды;

— Сауда кедергілерін азайту, немесе қайсыбір елдің нарығына шетелдік тауарлардың келуіне кедергі келтіретін факторларды жою, оларға бірінші кезекте кедендік алымдар мен импорттық квоталар жатады, басқаша айтқанда импортқа қойылатын көлемдік шектеулер;





— Тұрақтылық пен сауда шартының алдына болжамдылығы, бұл шетелдік компаниялар, инвесторлар мен үкіметтер қолданыстағы сауда шарттарының кенеттен және бір тараптың еркімен өзгерілмейтініне кепілдік береді;

— Халықаралық саудадағы бәсекелестікті ынталандыру, яғни түрлі елдер фирмаларының тең құқықты бәсекелестігі үшін «әділетсіз» тәсілдерді жою, оған экспорттық субсидиялар (экспортшы-фирмаларға мемлекет демеушілігі), жаңа сату нарықтарын иелену мақсатында демпингтік бағаларды пайдалану;

— Жоғары дамымаған мемлекеттер үшін халықаралық саудада жеңілдіктер жасау. Нақ осы бап жоғарыда көрсетілген ұстанымдарға кереғар келеді, алайда ол әлемдік шаруашылыққа осал дамыған елдерді тарту үшін қажет болды. Бұл елдер алғашқы кезеңде дамыған мемлекеттермен бәсекелесе алмайтыны айдан анық, сондықтан да нашар дамыған елдерге ерекше жеңілдіктер қарастыру «әділетті» болар деп есептеледі.




## Қазақстан — ДСҰ-ға кіруге мүдделі

Қазақстан Үкіметі ДСҰ-ға кіру — елдің сыртқы экономикалық саясатындағы басымды бағыттардың бірі деп біледі. Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жөніндегі жұмысшы топқа осы ұйымның 38 мемлекеті кіреді, сонымен бірге нарыққа тауарларды шығару жөніндегі келіссөздерге 14 ел, ал қызмет нарығына қатысты 10 ел қатысады.




Бүгінгі таңда, Грузия, [Пәкістан](#), [Түркия](#), [Оман Сұлтанаты](#), [Корея](#), [Жапония](#), [Куба](#), [Мексика](#), [Қырғыз](#) Республикасымен екіжақты келіссөздердің аяқталуы туралы Хаттамаларға және ҚР Индустрия және сауда министрлігі мен [Мысыр](#) Араб Республикасының [Индустрия](#) және технологиялық даму министрлігі арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. ҚР мен ДСҰ арасындағы ынтымақтастықтағы маңызды оқиғалардың бірі 2004 жылғы тамыздағы ДСҰ Бас хатшысы С.Паничпакдидің Қазақстанға сапары болды. Осы тұста айта кетер бір жай ДСҰ басшылығы әдетте бір елге арнайы сапар ұйымдастырмайды, қалыптасқан тәжірибе бойынша бірнеше мемлекетті аралап шығады. Осы сапардың барысында ұйым басшысы Елбасы [Нұрсұлтан Назарбаевпен](#), елдің бірқатар министрлерімен кездесіп, ДСҰ келісімдерінің міндеттемелерін қабылдау жөніндегі Қазақстанның ортақ ұстанымын түсінісуге қол жеткізілді.

# ДСҰ ҚҰРЫЛЫМЫ



**Министерлік конференция** – ДСҰ-ның жоғарғы органы, ДСҰ көпжақты келісімдерінің мәні болып табылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Әдетте Конференция екі жылда бір рет шақыралады. Министерлік конференциялар сессияларының арасында қажет болған жағдайда (жылына 8-10 рет) ағымдағы және процедуралық мәселелерді шешу үшін ұйымға барлық қатысушылар өкілдерінен, әдетте ДСҰ-ға мүше елдердің елшілері мен делегация басшыларынан тұратын **Бас Кеңес** шақырылады.





**Министрлік конференция** (немесе Бас кеңес) өкілеттілік мерзімі 3 жылды құрайтын ДСҰ-ның Бас директорын тағайындайды. Қазіргі кезде Бас директор Паскаль Лами болып табылады, ЕО сауда жөніндегі бұрынғы комиссар, лауазымдық қызметке 2005 жылдың 1 қыркүйегінде кірісті (*1999-2002 жылдары Майк Мур болған, Жаңа Зеландияның экс-премьер-министрі, 2002-2005 жылдары – Сунчай Паничпакди, Тайландтың бұрынғы премьер-министрі*).

Бас кеңес ДСҰ-ның мына иерархиясында тұрған үш кеңеске функцияларын жібереді: **Тауарлар саудасы жөніндегі кеңес, Қызмет көрсету саудасы жөніндегі кеңес және Интеллектуалдық меншіктің құқық аспектілерінің саудасы жөніндегі кеңес**. Осы кеңестердің шегінде ДСҰ-ның барлық мүшелеріне мүшелікке көптеген ашық мамандандырылған комитеттер мен жұмыс топтары құрылған. Тауарлар саудасы жөніндегі кеңес ДСҰ принциптерін сақтау және тауарлар саудасы саласындағы 1994 жылғы тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің орындалуына бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған комитеттердің қызметіне басшылық етеді.








Рис. 18.8. Структура Всемирной торговой организации

# Всемирная торговая организация

**Генеральное соглашение по тарифам и торговле (ГАТТ)** — многостороннее международное соглашение, содержащее принципы, правовые нормы, правила ведения и государственного регулирования взаимной торговли стран-участниц

создана в 1948 г.

цель

либерализация международной торговли путем сокращения пошлин и устранения нетарифных барьеров

принципы деятельности

тарифные меры — это единственно приемлемые средства внешнеторгового регулирования

предоставление режима наибольшего благоприятствования на недискриминационной основе

«прозрачность» торговой политики

взаимность в предоставлении торгово-политических уступок

взаимное предоставление национального режима иностранным товарам и услугам

прогрессивное снижение тарифов

**Всемирная торговая организация (ВТО)** — правопреемница ГАТТ, создана в 1995 г. Функционирует во многом, как ГАТТ, но осуществляет надзор за более широким спектром торгово-политических соглашений и имеет больше полномочий

по тарифам и торговле  
1994 г. (ГАТТ-94)

по текстильным  
изделиям

по инвестиционным  
мерам в торговле

о правилах и процедурах  
разрешения споров

**основные  
соглашения  
в рамках  
ВТО**

по сельскому  
хозяйству

по техническим  
барьерам в торговле

по антидемпинговым  
мерам

по торговле услугами  
(ГАТС)

В ВТО входят 148 стран.  
Россия имеет статус наблюдателя

Всемирная торговая организация (ВТО)  
(150 стран)

Европейский Союз (ЕС)  
(26 стран)

Главные интеграционные  
группировки мира

НАФТА  
(США, Канада,  
Мексика)

Союз Арабского Магриба  
(Алжир, Ливия, Мавритания,  
Марокко, Тунис)

Тихоокеанское сообщество  
(США, Япония, Канада, Австра-  
лия, Новая Зеландия, страны  
Восточной и Юго-Восточной  
Азии, Китай, Океания)

Южноамериканский общий рынок  
(Аргентина, Бразилия, Парагвай,  
Уругвай)

Андоррская группа  
(Боливия, Венесуэла, Колумбия,  
Перу, Уругвай, Чили, Эквадор)

Таможенный экономический союз  
Центральной Африки (ЮАЕАК)  
(Габон, Камерун, Конго,  
Центрально-Африканская Республика)

Схема 20.11. Главные интеграционные группировки мира



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!**